

12009
13348к



СЫРДАРИЯ КІТАПХАНАСЫ

ДҮКЕНБАЙ
ДОСЖАН



ШЫГАРМАЛАРЫ







**"МӘДЕНИ МҰРА"
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КИТАП СЕРИЯЛАРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ТҮНГҮШ ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ**

Редакция алқасы

Құл-Мұхаммед М. А., төраға

Алматов А.

Әбдікәрімов Ш.

Әлжік О.

Бердібаев Р.

Бисенов К.

Досжан Д.

Кәрібозұлы Б., жауапты редактор

Қасқабасов С.


Қоңыратбаев Т.

Оразбай И.

Рахматулла Ж.

Сейсекеева К.

12009/13348к



СЫРДАРИЯ КІТАПХАНАСЫ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
КОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ
ҚЫЗЫЛОРДА МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТИ

ДҮКЕНБАЙ
ДОСЖАН



ШЫҒАРМАЛАРЫ

УШІНШІ ТОМ

“ФОЛИАНТ” БАСПАСЫ
АСТАНА-2008

**ББК 84 Қаз 7-4
Д 64**


Кітап Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің жаңындағы «Халықаралық Қорқыт Ата мұраларын ғылыми-зерттеу орталығы» қоғамдық бірлестігінде дайындалып, баспаға университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен ұсынылды

Пікір жазғандар:

Есембеков Т. – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы;
Ергөбек Қ. – Қ. А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-турік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы

Досжан Дүкенбай.
Д 64 Шығармалары. Төрт томдық. – Астана: Фолиант, 2008.
Т. 3. – 480 бет.

ISBN 9965-35-308-5




«Сырдария кітапханасының» құрамында беріліп отырған Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Д. Досжанның шығармалар жинағының үшінші томына «Төрт патшаны көрген кейуана», «Пайғамбардың өлімі» хикаяттары мен «Абай айнасы» ғұмырнамалық-эссеңі енгізілді. Аталмыш шығармаларда автор халқымыздың тарихындағы ерекше тұлғалар жайында жазылған ой-толғаулары арқылы өмір белестерінен алынған тарихи шындық пен тағылымы мол оқиғаларды барынша шынайы әрі тартымды суреттейді. Шығармалардың алтын арқауына айналған адамгершілік пен адалдықтың, тереңдік пен көрегенділіктің айнасы іспеттес кейіпкер келбетін танытуда суреткердің асқан шеберлігі мен тума таланттылығы айқын көрінеді.

Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.


ББК 84 Қаз 7-4

**ISBN 9965-35-308-5 – (Т. 3)
ISBN 9965-35-305-0**

© Досжан Дүкенбай, 2008
© «Фолиант» баспасы, 2008



ХИКАЯТТАР



ТӨРТ ПАТШАНЫ КӨРГЕН КЕЙУАНА

Анам Жәмила 101-ге келіп дүниеден озды. 2004 жылы 11 желтоқсан күні. Бір ай бұрын, дәлірек айтсам 15 қараша күні Астанадан алыстағы Жаңақорған ауданының жырақ түкпірінде жатқан Келінтөбе ауылында төсек тартып әлсіреген шешемнің көңілін сұрап, екі күндей қасында болып қайтқан едім. Арада жиырма бес күн өтті ме, өтпеді ме, жеңгем Қызы-сұлу телефон шалып: «Апам дүниеден озды, сенбінің кешінде», – деп қайғылы хабар айтты. Төбемізден тас түскендей болды. Көңілімізге о кісі жүзден асып өлі жасай беретіндей, төзімі темірден жаратылғандай, төсекте бірер ай саржамбас болып жатып-жатып тұрып кететіндей сезілуші еді. Астананың түстік шығысына салған жаңа коттедж үйге көшіп кіріп, бас-аяғымызды жинай алмайбылыққан қарбалас кеште есендіреп жүріп жолға жиналдық, есендірегендай болып маңайдағы дос-жаранды іздедік. Аэропортқа зайдың екеумізді бір топ кісі шығарып салған, ішінде Әбіш Кекілбаев бар. Үйірліп тұрған кісілердің арасына сөз аралатып: «Апам марқұм төрт патшаны көрдім деп айтып отырушы еді», – деп едім. Кекілбаев аяқ астынан сөз тауыш: «Не деген берік, қажырлы кісі!.. біз болсақ бір патшаға сыр беріп жүрміз, ол кейуана төрт патшаны мұжілмей басынан өткерген, жүз жыл жасаған!», – деп басын шайқап жүртты ду еткізді. Зайдың екеуміз Шымкентке үшатын үшакқа отырып кете бардық, әлгі үйліғысқан дос-жаран соңымыздан хош айтып, қол бұлғаш қала берді. Үшак ішінде, бұлт арасымен келе жатып, анам марқұмның басынан төрт патшаны қалай өткергенін бейнелі сөзбен баяндап қағазға түсірейінші деп ойладым. Алыс қыырга күн салып қараған жолаушыға үқсадым. Адам көп жасайыншы деп көп жасамайды. Жаратқан иенің пәрменін орындаиды. Босатқан дәм-ырзығын татып өтеді. Баяғыда, студент кезімізде, ұстазымыз Мұхтар Әузов: «Бәлі, мен өзім қос бірдей қоғамдық формацияны – феодализмді, социализмді бастаң өткерген адаммын ғой», – деп сөз арасында айтып қалған

еді. Сол айтқандай, жастық өмірін сонау жасыл белестің арғы қабағында қалған феодализмнен бастап, қызыл төңкерісті көріп, социализм дәуірін кешіп кеп, мына қазақ баласы ұлт ретінде тәуелсіздік алыш, капитализмнің нарық машақатына топ ете түскенін көрген ел анының бастан кешірген өмірін кезең-кезеңімен баяндап берсем ғой. Бәлкім, біреуге тасқа жанығандай қажыры өнеге болар, бәлкім, тастай берік төзім иесін тани түсер. Өмір сүре білудің өзі үлкен өнер. Сол өнердің күнгейі мен көлеңкесіне зер салыш, көкірек көзімен қараң тәлім алар. Құрығанда, кейінгі буынға сабак болар тірі сөзі қалар. Ендеشه тәуекел еттім. Азам марқұмның көзі тірісінде өрқиңген көңіл қалыбында отырып үзіп-үзіп айтқан әңгімесін бір желінің бойына тізіп, оқырманға қайта әңгімелеп беруге тәуекел еттім. Қабыл алыңыз.

СТАЛИНДІ ҚАЛАЙ КӨРДІМ

«Біссімилла деп бастайын сөзімді!»

Мұны айтқан аппақ қозының ұлпа жұнінен басқан жайна-
мазын жинап, төрт бүктеп басына қойып, намазға жүгінген
қалыбын сактаған Жәмила азам еді. Алыста қалған жастығын,
келіншек күнін көз алдына қайыра елестеткендей болып, үні
іріп, тосылыңқырап отырып қалды. Сонына айналып ұзақ жол-
ға күн салып қараған жолаушыға ұқсады. Әжім торлаған дөңгелек
жүзі, көз шарасы айқын жанары, шаршылап салған ақ жа-
улығына жартылай жасырынған мандайы – анықтап қараған
көзге уағында толып туған ай секілді аса ажарлы, қымбат
бүйімдай, салтанаты бай, біртуар келіншекті елестетті. Ана-
ның мына отырысынан сонау бұлым-бұлым көкжиекке сіңе-
түскен Қаратай қыратында жастық дәуренін сағынған, қою,
мұңлыш кейіп елестеді. Әйтсе де қажырлы жан желге берік қара-
агаштай жылдар салмағына, ғасыр тауқыметіне қайысып морт
сынудан ада; іштей қатая түсіп, жүрек басына шүкіршілік тәу-
басын үйіріп тіп-тік болып үйіліп отырысы ерекше. Дәтке қуат
іншалла, дейтін сыңайы сезіледі.

«Сонымен атам қазақтың өткен ғасырда басынан өткізген
тауқыметін, қызыл төңкеріс дейсіз бе, үжымға үйису дейсіз
бе, жекетүр жасау дейсіз бе, одан берідегі аққалшақ көтерілісін,

адам басы арзандаған қан-жоса қырғынды, Голошекин қол қойған мүйіз салығы мен тұяқ салығын, қаратабан жүтты, ашаршылықты, одан берідегі ұндеместер үкідей үрпітіп бір тұнде ұстап алып кететін зұлмат жылдарды тәспінің тасындај жіпке тізіп жазып жүрсіндер ғой. Әсіресе өзің «Абакты», «Таразы» деп аталатын кітаптарында біраз термеледің. Өзім естігенімді емес, көргенімді айтамын: Сұлтанмахмұт ақынның айтқаны бар емес пе: анау жерде татар тұр, өзгелермен қатар тұр, анау жерде қазақ тұр, қастарында азап тұр деп. Қазақ десе – қай-қайсымыздың көз алдымызға азап елестейді, бұ қазақ баяғыда азып-тозып жоғалуға тиіс еді, тозақ тұрғындарына ұқсан өлі күнге ел бол елбіреп, жалауға ұқсан желбіреп жүргеніне таңданамын кейде. Дүрілдегеннен-дүрілдеп сендерше Ұлы Отан соғысы, бізше гәрман соғысы басталар алдында, біраз жыл бұрын Сары-ұлы Досжанның шаңырағына бұратылып түскен келіншекпін. Отағасыны жасының орта жастан асқанын сылтау етіп соғысқа алмаған. «Екі тау арасында жатқан «Ынтымак» колхозының жаны мен малына иелік етіңіз, тозып кетпесін, заманында облыс бәйгесінің алдын бермеген сәйгүлік ақалтеке тектілердің тұқымын сақтаңыз» депті. Осы кезде төрт жылдай мылтық асынып, шинель жамылып, неміспен атысқан кісілерді «соғыс ардагері» деп астына көпшік қойып, бәркін қазандай ғып, төрге шығарып аспандатады келіп. Мейлі де! Әйтсе де тылда, ел ішінде құқай соғыстағыдан еш кемдігі болған жоқ. Бастың аяқ, аяқтың бас болғаны емей немене, қысы-жазы бел шешпейміз, елдегі аксақ-тоқсак, некен-саяқ еркектер көктем шыға өгізге жер-ағаш, соқа тіркеп жоннан жер жыртады, ақ егіс салады, қыстың қамын жеп, шалғысын қайрап, өзен, бұлақ қабағынан шөп шабады. Әлгілердің бейнетінің ауырлығы сонша: сорғалаған тері жүзін жуып, көйлек, дамбалы былжырап денесіне жабысып шай ішкізбеуші еді. Белінен бел қалмайтын. Әлі күнге есімде – елде екі Әуелбек есімді кісі болатын, бірінен-бірін айыру үшін майданнан жарақат алып оралғанды «мәңбас Әуелбек» деп, ал, азаннан кешке дейін қиқулап ат үстінен түспей жылқы бағатын ұзынтурасын «ұзын Әуелбек» деп атایтын. Бар шаруаның басында екеуі жүретін.

Әлгі мәңбас Әуелбек күні бойы шалғымен шөп шабамын деп қара саны қақсан, белі сырқырап түнемесіне ойбайлаш, аh ұрып үйқы бермеуші еді, жарықтық. Көп ұзамай өйелі де төркініне

кетіп қалды. Жанынан безген не деген жанкештілік десеңші! Әлгі шөпші қайнаға түнемесі бебеулеп көз ілмей шығады, таң алагеуімнен бозторғаймен қосыла оянып, шалғысын шындаپ, тасқайраққа жанып, өткірлеп алыш өзен бойына қайта домалайтын. Жығылып-сүрініп шөп шабуға кетіп бара жатып жан дауысы шыға айқайлайтын: «Келін, бесті қымызынды соңынан жеткізіп тұрарсың, шашылып қалған сүйегімді жинастырып аларсың!» – дейтін. Нақа бір жау қуған сүргін қан қызыл майданға аттанып бара жатқандай еді. Соңына бұрылып қарай-қарай жөнелетін, жарықтық.

Әлгі сөзді естіген кісіде жан қала ма?

Күніге желіге тізіп, жұзге жуық құлын байлаймыз, бұл дегенің күніге кемі – асауы бар, көнбісі бар, үрпісі шіреген жұз биені белді бүгіп, білекті түріп екі мезгіл сауып шығу деген сез. Сауыншы аз. Жас әйелдер асау бие теуіп өлтіреді деп жылқышы ауылдан айналып қашады. Әкең болса аттан түспей түздің шаруасымен жүреді: қаращаның сүмелегі саулаған күз күніндей қабағын ашпай ел жата оралады, айтатыны – «аудан сайлаудың әзірлігін сұрап өкпені қысады-ай!.. ол аз десең – ауданнан үзенгі қағысып, сыбағадан құр қалғандай санақшылар шығыпты!..» «Қасқыр жарып өлтірген, жылан тиген жылқыны бас-басымызға бөліп салатын көрінеді... Мәңбас Әуелбектің протез аяғы сыйып, дәрігерге кетіпті... Ай, аудан мен екі тау арасына тепектеп көрінген белсендіге жәркеленші бол бүйтіп қор болғанша пәшеспен атысқаным жұз есе жеңіл еді ғой», – деп алдына қойған асты шайнап жұтуға шамасы келмей қылғынып кеп, ықылышқа атып омалып отырғанын көргенде... күні бойы асаудың бауырына кіріп, бие сауып, үрпі созғаным тарс есімнен шығып, өкпе, нала, бәрі-бәрі ұмытылып отағасының қабағына жаутаңдаймын. Қабағындағы қалың мұнды ыдыратсам деймін.

– Байғұс-ау, бүйтіп колхоз тәрағасы болып шөре-шөре кішімтайлы хал кешкенше аудан басшыларына малын да, жанын да өткізіп, мойын босатып шықпайсың ба?

– Жасың асқан деп соғысқа алмады, шалғыны алыш шөп шабам ба, әлде ұзын Әуелбекке ілесіп жылқы бағам ба, қайтемін?..

– Жазған-ау, өзіме қосылып асау үйретіп бие саусыс, шөпшілерге, егіншілерге қымыз қажет деп Бейсенбек арбакеш арбасын салдыратып күнде келеді, артылғанын ауданға тасиды.

– Әйелінің етегіне оралып сауыншы бол кетіпті деп кер ауыздар сөзге қалдырады. Айта берсөң – қасқырды жамандағандай боласың. Айтпа маған «бие сауыс» деп!

Көзі шатынап осылай бұрылып қарағаны-ақ жаман еді, ыңғуырдай өнменіңнен өтіп кетеді.

– Өзің емес пе ат үстінен түспей өлетін болдым деген.

– Амалым құрыған соң айтамын. Аудан әктептері семізді жайратып сойып, қымызға кекірелеп тойып жүргендей көреді, нақа. Қүйши қымызынан, сатып алтындаі телміртпей!

Аз айт, көп айт, күнде көретін көрешегіміз осы. Әкеңді апта-сына бір көреміз, онда да аттың жалы, түйенің қомында дегендей. Ішіміздегі тас түйнектей болған ыза, өкпе, нала, реніш, сағыныш секілді сезімді кімге айтып басарымызды білмейміз. Жабулы қазан секілдіміз. Әкеңмен аздаң жұз шайысып қалғанда айтып-айтып кеп: «Маңайыңың бәрі жоқ-жітік, ашарық, сініріне ілінген сілімтіктер әншейін, арқа төрінде аршамен тісін шұқып, алшаң басқан Жанұзак бидің қызы едім!» – деп бұрқылдаймын, қайнап-қайнап басыламын содан.

Төсекте әні үзіледі, міне үзіледі деп жылдар бойына жаржамбас болып жатқан ауыр науқасты күткендей, жұрттың көңілін бұрқ-сарқ тасытып көптен үздіккен жеңіс күні де келіп жетті. «Жер жастанады» деген кеңес елі әлсіреп, тоз-тозы шыққанымен, қайта тұрып кетті, аяғының астындағы қара жерден қуат алып күшейіп жүре берген періштеге ұқсан, бара-бара пәшестерге бой бермей, соңынан сүркіле салып қуып барып, өз ошағына апарып көмді. Өзі тұтатқан отқа күйіп өлді байғұстар. Жеңіс күнінің ертесіне-ақ арқа-басымыз кеңейді. Бұралған келіншектердің бетіне қан жүгірді. Алыстан, аудан жақтан түсетін қасқа жолдан шандатып желе жортып келе жатқан арбалы, аттылы жолаушылар көбейді. Көп үйдің бықсып жанған ошағы қайта тұтанды. Көңілдегі көп күдік жуылғандай болып ақ жаулықты шаршылап тағып, күміс сырғамды салып, ауыл сыртына ертеңді-кеш шығып ап батысқа кетіп, із-түзсіз жоғалған қайныларымның қарасын «келіп қалар» деп күн салып қарайтын әдет жамадым.

Қымыз – ішкенге дәру. Жұз түрлі кеселді үзетін қасиеті бар. Жұз түрлі бейнет пен бапкер қолдың арқасында сылаң-сишаумен, сапырумен дүниеге келеді. Кәдуілгі жұпар иісті, сары мейіз сусын ішкеннің таңдайына жұғып ұзак тамсандыратыны содан. Ендеше құлық үстап, асау құлынды бас білгі иіп, саусакты

икемді етіп сауыншы болудың мың түрлі машақатын бір ауыз сөзben баяндап берейін.

«Қасымда жылқышы қайным Сейілбек бар. Тақымы дымда-нып, қиқу салып ертеңгісін үйір-үйір құлынды биені құрық-тап, желі басына айдал келеді. Бас білгі мама биелер желіден үркіп қашпайды, бауырына тығылған құлынды керісінше, бас иесіне икемдеп, бас шұлғып үйіріле қалады. Бар пәле жаңа құлындаған жас байталда. Үйірдің ол шеті мен бұл шетіне үйтқи ығысып, жібек жалды құлыншағын сынашпа сырғытып ұстап-пай қинайды. Мұндайда Сейілбектің жыны қозады-ай. Құры-ғының басына шалма іліп шалт бұрылып енесінің бауырына тығылған құлдыраң немеге тұзакты тастап үлгереді. Жебеше атылып барып құлақ шекеден басады. Жібек жалынан қата ұстап, қалшылдаң-дірілдеп желіге тұқыртады. Жанары шаты-нап, білегінің тамыры білеуленіп, ноқталап үлгереді. Шырыл-дап араға түсемін», – дейді Жәмила анамыз.

«Бұындырып өлтіремісің! Қойсаңшы құлынды тұқырта бер-мей!»

«Атасына нәлет, қатынды жастан, малды бастан үйретіп үлгермесек – жыны басылып болмайды!»

Езуінен көбік көрінеді Сейілбектің. Көзіне қан құйылыпты.

«Шырақ-ау, жас құлынның не жазығы бар? Тыптыршып қолды-аяққа тұрмай шаршатқан енесі емес пе, басын ұстап жіберші!»

Сол білегіме шелегімді іліп, оң қолымды алға үмсындыра со-зып, исінген байталдың бауырына еңкейемін. Жануар қытық-шыл ма, қолымды шабына апартпай шаршатады. Теуіп кете жаздайды.

«Атасына мың нәлет! – дейді жылқышы Сейілбек дырау қам-шысын білегіне орай ұстап, – тегі, болмаса тұқыртып байлай-мын да өгіз өріммен қамшылап аламын».

«Шырақжан, шатағыңды кейінге қалдыршы, құлдығың болайын! Қорыққан, шыбын жаны көзіне көрінген биенің сүті қайтып кетеді. Ашуыңды басшы...»

Бір жағынан шабына қол тимеген биенің қытығын қашыра-мын, келесіде – дүлей күші мен жыны бір басына жетіп артыла-тын Сейілбектің ашуын басамын деп шаршаймын. Жылқышы-ның аңы дауысы еш сембейді. Таң алагеуімнен басталған жүлқыс, құрық салу, бұғалық тастау құлынды тыптырлатып әкеліп желіге байлау ет пісірім мезгілге созылады. Сөске түсте

жұз қаралы құлын желіге тәспіше тізіледі. Көмекші келіншек былыққан үй шаруасынан мойны босап, қолғабысқа келеді. «Көмекші» деген аты дардай, әйтпесе шаруасы шағын. Тізіліп тұрған мама биелердің ең жуасын таңдал, теріп сауған болады, онда да жарты сүтті желіде қалдырады. Қын шаруаның тізгінін өзім ұстап жүремін. Әрі-беріден соң сүйегім сынғандай бол белім сырқырап, білегім үйіп, саусағым қарысып жылқының саурына еңкейе алмай, бір тізерлеген күйі отырып қаламын. Құлақшекем шыңылдан, көз алдынан сары сағым жүзеді. Сол сағымның арасына бір батып, бір шығып Сейілбек қайным ышқынған асаудың жалына жармасып жатады. Бейне қан бол үйисін қою жалға азу басып ытырылған жолбарысқа ұқсайды. Бірін-бірі ала алмай шайнасып жатқан тағы мен адамның суретін көне кітаптан көргенім бар еді. Сондағы суретке келеді.

Көзіме сорғыған аңы терді жаулығымның ұшымен сұртіп қайыра түрегелем. Қалайы шелектің дыбысын шығармай, даңғырлатпай, тандайымнан лық-лық еткен жұмсақ үн лекітіп, тыныршыған жас байталға тақай беремін. Сауырынан сипап қытығын жоям, құлышағы құлдыраңдан шұрқырай кісінейді, ол шіркіннің бас жібін босата қоям. Бауырына енген құлышын көріп жас неме иісіне еміреніп тұра қалады. Бір үрпіні құлыша беріп, келесісін ақ дәкемен сұртіп, ұшынан созып сауа түсемін. Хош иісті ақшыл сүт сыздықтай құйылады. Құлыш мүшелі байталдың июі қандай жылдам болса, суалуы соншама тез. Он шақты мәрте үрпіні созып, сүтті сарқып бітем. Жылқының бауырынан сыйыла беріп, белгі жасаймын: «Құлышын же ліге әкет, желінен қақтап сорып үздігеді», – деймін. Жылыштап жеткен Сейілбек үрпіге тістей қатып жабысқан жібек жалды сүйрей тартып, тұқырта байлайды.

Шелектегі сүтті шұпілдеген шараға, қауаққа құйып, желі басына қайта келемін.

Құн тас төбеге өрмелеп желкені шоқ басқандай күйдіре түседі. Желідегі аш өзек құлыш шырқырай кісінейді. Келесі биеге... одан келесіге... құн түске тырмысқанша алғашқы сауым адалап үлгермесе – биенің сүті қайтып кетеді. Желіні сызыдаған жылқы тыныршып тұрактамайды. Мұндайда я дереу құлышын босатып емізеді, я өзен сүйнен жалдаған салқыннатады. Сүт қызыуы биенің денесін өртеп жібереді. Құн иыққа көтеріле алпыс-жетпіс биені сауып бітемін. Желі шетінен Сейілбектің қарасы көрінеді. «Атасына мың нәлет! Айғыры күрек тісін

қадап иығымды жұлып жіберді. Биелердің өшін алды сөйтіп. Жылқыдан кетем, екі қолға бір жұмыс табылар», – дейді екі иығынан демалып, аяғының басына қан түкіреді.

Мұрты жаңа тебіндеген өспірім жасты іштей аяймын. Былтыр көктемде өскерге кетемін деп жер тепкілеп жылағандай болып еді, әлде жастығы, әлде түнімен таңасырып ішкен бесті қымыздың мастьығы – ылғи оттығына шоқ салған самаурындай сақырлап қайнайды да жүреді. «Мынау не енді! Екі ортада ала-өкпе боп айғыр тістеп, байтал теуіп өлесі болым, бұдан мылтық асынып пәшес солдатымен жекпе-жекке шыққан көп онды», – дейді. Көйлегінің иығы солайымен қопарылып қалышты, жалбырап жүр. «Тігіп берейін», – деп үйге шақырамын. Жантайып жатып жан шақырса, дастарқаннан дәм татса – бұрқсарқ еткен ашуы басылып, сабасына түсер деп ойлаймын. Өзімнің де оцып тұрғаным шамалы.

Екі қарым үйшіп қала береді, сүт шүпілдеген шелекті шайқап төгіп ала жаздаймын. Ашытқылы меске құямын. Түске дейінгі сүтті қорықпай еркін ашыта беруге болады, ашуы ішінде; түстен кейінгі саумал ашушаң, шадыр келеді. Байқап баптамаса бықырып ашып дүниені бұлдіреді. Қомекші келіншек дастарқан жайып самаурын кіргізеді. «Қарағым, қауақтағы қымызды ындыны құрып жететін арбакешке артып шөпшілерге жөнелт... тандыр нанын көбірек жабарсың... жоңдағы егіншілер қаталап қалмай тұрғанда екі мес қымызды қайнұмның көлігіне теңде, шырағым»... деп жарлық жасап, мегзеп, нұсқап, қақсан отырып ішкен шай-шай болып жарыта ма. Не ішіп, не жегенімді білмей қалам. Мына жақтан өспірім Сейілбек мөнкіді. «Қаталаса қаталасын, арам қатсын, мына ми қайнатқан аптапта мес арқалап жүре алмаймын», – деп басы қисайды. Оны-дағы «шырағым... қарағым...» деп епке келтіру оцай емес. Өстіп әрі итеріп, бері жығып, mestегі қымызша шайқалып шытынап отырғанда тұс ауып, күн екіндіге ойысады. Биелердің екінші сауымы басталады. Күн батып, қас қарайғанша шұрқыраған немелерді сауып, құлының босатып үлгермесе – желі басы анық майданға айналады. Я құлын біткен қылғынып құлайды, я мама биелер дүркірей еріп, сынапша сырғып ауыл үстін көтеріп кетеді. Жондағы егіншіге қымыз жеткізіп үлгерген Сейілбектің қарасы көрінеді. Даусы жер астынан шыққандай жылқыны үркітеді.

«Торы биені байламай сауған жөн, желіге маталып өледі! Күрең қасқа байталды босатып қоя бер!.. Жарытып сут бер-

мейді!.. Ары қайтар – ана қу аяқты!.. Мына желаяқты шідерлең бермесем, сауырына қол жуытпайды!.. Қайтар бері – иттің малын!» Тарғыл үні жер жарып құлақты қажайды. Әрі-беріден асау биелер аңы дауысқа құлағын қайшылаپ, тыптырши дірдектеп су боп ағып терлейді, құлын шінгірлейді. «Бұл дүние дүбірге толып бара ма» дегендей, тау иығына аппак дөңгелек ай көтерілгенше биелерді босатып қоя бермесе – құлынын тойғызып, әрі оттығып үлгермейді, аш жылқының желіні тартылып кетеді. Саусағым талып сырқырағанға қарамай – үрпіні үзбестен созамын, толған шелекті көмекші келіншек үйге тасып әуре, сонарадайда асаумен алысқан Сейілбек үні жер жарады.

Ала жаздай ұлы бейнет еш өзгермей, түгесілмей, тәспі тасындаі тізіліп келеді де тұрады. Бейне, диірменнің бақалағы секілдіміз.

Жайлау тозып, биелердің сүті қайтып, мизам түсे ылдиға көшеміз ғой дегенде оқыс хабар жеткені. Аттан түспей жүрген әкеңнің жанында намазшам көлеңкесіндей арық торының үстінде салақтап ауданның өкілі жетті. Алыс жолдың бейнетінен шәпкесі қисайып кетіпті. «Кеңірдегімнен жанай пәшестің оғы тиген», – дейді, қырылдаپ сөйлейді. Төрге өтіп төсеніш көрпеше үстіне қирай жығылды. «Атқа отыруға әл-дәрменім жоқ, ертеңгісін сүйегімді жинап алыңдар», – деп көпшікке қисайды. Әкең: «Мына өкілге қымыз қүй, жақсы хабар алыш жетіпті», – дейді. «Жақсы хабар – пәшестің беті қайтып шегінен жосып бара жатқаны, ай, біздің Стекенцмен беттесуге ешкімнің дәті шыдамас, сұсы басты жарықтықтың», – деп әрәдік басын қақшаң еткізіп көтеріп алады өкіл. «Стекен» деп отырғаны – халықтар көсемі Сталин. Әлгі өкіл жатса да, тұrsa да Стекенде айтуы жоқ ұзак өмір тілеп, ұлы көсемге пайғамбардай сыйынып ауыз жаппайды. «Мәскеуде осы күзде жойқын көрме ашылады-мыс, сол ашылу рәсіміне ел-елден тылдағы еңбек озаттары бас құрайды, бүйірса – ауданның алдыңғы қатар сауыншысы Жанұзаққызы Жәмила – сіз барып қаларсыз, басшылардың үйғарымы осылай», деп ішкі қалтасынан қатталған қағаз алыш, мұның қолына ұстатқаны. Отағасының оқыс үні шығады.

«Құйсаңшы – бесті қымыздан көні кеуіп келген өкіл мырзага, ыстық шайға аузын қўйдірмей!»

«Қымыз жақпайды, отағасы, үш жыл соғыста жүремін деп орыстың арағы қарнымның бүрін алыш кетіпті, ағарған сынапша сырғып ішімде тұрмайды».

«Қымыз жақпайтын кісіні бірінші көруім, ой, Алла-а-ай», – деп өкең басын шайқап таңқалады ғой.

Әлгі ауданнан келген өкіл ұсынған қағазды оқып шуласамыз. Базарбай екінші сыныпта, Ділдаш біріншіде, сен әлі мектепке бармаған кезің, қолдан-қолға өткізіп бұрышына Сталиннің суреті басылған сары қағазды айналдырып қарағанымыз болмаса Базарбай ежелеп, Ділдаш әрбір әріпке сүріне жығылып еш түсіндіріп болмады. Ақырында төте оқудың ликбезін тауысқан әкең ежелеп, ежіктеп біраз жерге барды. «Әкел бермен, көсемнің суреті басылған қағазды қор қылдындар ғой умаждап», – деп өкіл жұлып алыш, әлгіні судыратып оқып берді.

«Женіс мерекесіне орай ашылатын выставкаға шақырамыз, Жанұзақова Жәмиланы».

«Осы-ақ па?» – деді сауатсыздықты жою мектебін бітірген әкең күйініп.

«Осы-ақ», – дейді өкіл көзі бозарып.

«Көшелі сөз жазылған екен деп әр әрпіне сүріне жығылып жатсам, көсемнің суретін не болса соған баса беретін болыпты-ау бұл заманда».

«Өйтіп Стекең жарықтықты қорламаңыз, ұсталып кетесіз!» – деп өкіл сазара түседі.

«Койыңыздар енді! Негыламыз? Шүрқыраған сауын жылқысын желіге қаңтарып ит өлген жерге қалай жөнелемін. Қол қысқа, ақша жоқ! Балалардың мектепке баратын уақыты жақында қалды», – деп қалың уайымның шетін шығарайын өзім де. Мына сөзді естіп аудан өкілі сексеуіл бұтасында морт сынады. Шегір көзі суалған көл табанын елестетеді. Ой, Аллай-й-й деген!

«Колхоз шаруасы қараң қалса да бұрсігүні сізді пойызға шығарып салуым керек, балтай-шалтайды білмеймін, тапсырма солай. Сіздің орныңызға күйеуіңіз бие сауады... үйге қарайды... жолға ақша табады... тапсырма солай!.. Жолдас, озат сауыншы!... Стекеңнің бір ауыз пәрменіне былай деп көлденең сауал қою көттө күпірлік болады, озат жолдас, бұл қағаздың саяси астарында үлкен мән жатыр, жолдас»...

Қойшы әйтеуір, аудан өкілі «жолдас, жолдас...» деген сөзді тау басына айналдырып жүріп, ызғарының қаттысы-ай, сенің әкеңді ат үстінде аспандап кеткен жерінен колхоз төрағасы қызметінен уақытша босатып, бие саууға жекті... Сейілбектің титықтап шаршаған пошымынан шошып, көмекшілікке, анда

шап, мында шап – қын шаруаға ұзын Әуелбекті бекітті. Алдынан шыбын жорғалатпады, бет қаратпады. Шіркіннің шыдамы түйе сініріндегі берік пе, екі тәулікке қымыздан татып алмай, аз ғана қара шаймен жүрек жалғап отырып жылқышы ауылдың былығып бітпейтін шаруасын бір өзі ыңғайлады.

Жондағы егінші, ылдидағы шөпшіге сусын сұрап қалайы флягін салдыратып жеткен Бейсенбек арбакештің алдынан шығып қырына алды. «Жондағы егіншілер жақында орақ науқанын бітіреді, ал, ылдидағы шөпшілер дегенің баяғыда тарап кеткен... «шөпшілер ішеді» деп флягтеп тасығанды үйінде шөнип жатып өзің ішкенсің!... Үкіметке қарсы саботаж жасағансың!... Ісінді тіркеп, пұртекілдеп сотқа өткіземін», – деген кезде байғұс арбакеш еңіреп, өкілдің аяғына жығылды. Еркектің ботадай боздағанын көріп жағамды ұстадым. Әкең дырау қамшысын сұрып алып қонышын сабалады. Жаманшылық шақырып ошак басындағы Ақтөс тазы тұмсығын көкке шашып ұлыды. «Ашуыңды бір жолға қи, байғустың бала-шағасын жылатпа!» – деп араға түсейін. Тұн ортасы ауа өлгі өкілдің ызғары бұрқ-сарқ сабына түсті. Бейсенбек арбакеш шөпшілерге апардым деп айбояны тегін ішкен қымызының өтеуіне колхозға ақысыз-пұлсыз бір жыл қара жұмыс істейтін болды. Колхоз қазынасына, жетім-жесірге деп ортақ қазанға өгізін қоспақшы. Және бірер мүшесы бағаны ауданға жеткізбекші. Бәле қайда – бассаң аяқ астында дегендегі, бір ай тегін ішкен қымызы арбакешке анық бәле болып жабысты.

Апта өте, ырғалып-жырғалып Мәскеуге аппаратын көгілдір пойызға отырдым. «Ырғалып-жырғалып» деген қазақы сөз, қазіргі балалар түсінбеуі мүмкін. Үстімде аппақ қардай кейлек, енемнің көзі деп сандыққа тығып жүрген қынама қамзолды кидім, әлгінің қос өңіріне алтын жіппен өңіржиек тіккен, түнемесі шамаша жарқырайды, басымда ақ жібек шашақты орамал, аяғыма ыңғайлы мәсі сүкқан едім, «мәсі – ескіліктің киімі», – деп аупартком хатшысы қонышына зер салып тіккен шоңқайма кигізді. Қолымда өрмектен жаңа шыққан тоқыма қоржын. Аупартком хатшысы: «Коржындағы мейіз, құрт, қауынқақ, өзге де тәтті-құттыны төгіңіз, жолазықты шабаданға салыңыз, қазақы қоржынның бір басына Ленин, Сталиннің кітабын, келесі басына аудан көрсеткіштері жазылған қағазды салыңыз», – деп кеңес берді. Кейінше ойлаймын ғой: сонша алысқа көсемнің кітаптарын арқалап неге сорладым, аудан көрсеткіштерінің қаншалық қажеті бар еді... зіл қағазды екі иығым тесіліп

көтеріп... барғанша – қағаз арқаладым, қайтқанша – қағаз арқаладым.

Бірді айтып бірге кете беремін. Мәскеуден оралғанда «апа!» деп, құлдыраңда алдыннан шыққан өзіңе уыс көмпіт ұсына алмай, Стекеңің «Ленинизм мәселелері» деген кітабын базарлық қып бергеніме өлі күнге дейін іштей қысыламын.

Көгілдір пойыз киян көкжиекке жете алмай ұзақ селкілдеді.

Байқағаным: қазақ атам ұшы-қиырсыз жазық даланы иеленіпті. Орыс ағайын қолдың саласында тұтасқан қалың жыныс орманға орын теуіпті.

Бесінші тәулікте ұлкен қалаға жеттік деп мәлімдеді. Бір қолымда тоқыма қоржын, бір қолымда іші босаған тақтай шабадан, вагоннан аттап түскенім сол еді, шүлдірлеген балалар «апалап» кеп алып жөнелді. «Күтіп алындар, қаланы аралатындар», – деп дәу басшылары айтқан болар, бәлкім. «Апа, апа» дегенінен өңгесін түсінбеймін, мақұл деп, айтқанына мөнтеңдеп ілесе беремін.

Біраз оқиғаны ұмытып ұлгеріппін. Қазіргідей үш нәрсесі көз алдында. Адамның көптігі соңша, қойشا ығысып кетіпті. Осылай жылжып келе жатқанына көз салсаң – жүрегің көтеріледі. Көшениң ана жағында тұрыш мына жағындағы адаммен айқайласып сөйлесетін Жаңақорғандай емес, құмырсқаша қаптаған адамға көз салсаң, бейне қарақошқыл көше жер бауырлап қыбырлап бермен ығысып келе жатқандай көрінеді. Екінші байқағаным: жердің бетіне сыймаған халық жердің астына түсіп күн көреді екен. Аюдың үңгіріндегі үңірейген тесікке түстік те кеттік, «ай, енді жарық дүниені көру жоқ қой, сірə» деп ойлағам. Жер астынан гүрілдетіп пойыз жүргізіп қойыпты. Ол пойызда жүрт тікесінен тіке теңселіп, иін тіресіп тұрады. Үшінші таң қалғаным: ұлкен шәрдің адамдары біз секілді жайласып отырып емес, тіке тұрып ас ішіп, аяқ босатады білем; түнемесі бірер сағат үйіне еніп мызып алмаса – өңге уақытта көше кезіп теңселіп жүрген енапат бір халық. Қалай ғана аяғы сарсылып қирап қалмайтынына таңым бар. Бірді айтып бірге кетемін.

Одандағы халықтар әкесі – Сталинді қалай көргенімді айтайын.

Өстепкенің ашылу ресіміне ел-елден, жер-жерден көп халық жиналыпты. Құн жанып тұрған ыстықта елтірі қоқима құлакшынын басынан тастамайтын осетин, шешен дейсіз бе, ала тақиясы шекесіне қонжиган өзбек, беліне қызыл шүберектен бел-

беу байлаған татар, қысық көз көріс, шалбарының екі үртү делдиген украин дейсіз бе, өзім естіп-білмеген ұлт өкілдерін көріп бас шайқаймын-ай. Дүниеде қазақ пен орыстан өзге халық барын сонда көрдім. Біреуінің ширатылған мұртын, келесінің тілін бұрап сөйлегенін, жер сызған көйлегін қызықташ ойым орнықпай тұрғам. Өстепкенің ішіндегі үлкен алаңда қойша иірілген біздерді қызыл жіп керген шекара сыйығынан еш аттапайды. Қаптаған қызыл жағалы ағайын. Күн тас төбеге шығып алыш шақырайып жеп барады. Сүмек терді саусақпен сыптырамыз. Өстіп тұрғанда «келе жатыр» деген сөз самалаша желпіп өтті. Алаң төріне көз тіге қалыстық.

Арғы жақтағы терең түкпірден аппақ китель, ақ шалбар, ақ кепка киген бес-алты еркек қарсы беттеп адымдаш келеді. Жүрегі құрғыр атша тулайды. Жанағым жасаурады. Қатарласа ығысқан еркектердің қайсысы Сталин екенін ажырата алмай әбден сасайын. Қасымдағы татар жігітінен сұрайын. Әлгінің жанары атыздай бол, сұқ саусағын ерніне көлденең басып, демің ішінде болсын дегенді мегзейді. Әлгі аппақ киімділер, бейне, айдан түскен адамдар секілді. Жүріп-жүріп кеп қапталдаса қыс бұрылып, алаңдағы сәкі өтіп жасаған биікке көтерілді. Көтерілер кезде бәрі ығысып ортадағы орта бойлы, мығым денелі, мұрттықісіге жол берді. Жүрегім: «Сол Сталин», – деді.

Әлгі кісі биікке шығып алыш, жүзін жұртқа бұрып, оң қолын жайлап жоғары көтерді.

Жанымдағы осетин ба, әзіrbайжан ба, есімде жоқ, зор даудыспен: «Жасасын Сталин!» – деп айқайлады жіберді. Әлгінің үні денемді дуылдатты. Жұрттың бәрі сол сөзді ду еткізіп көтеріп әкетті, дүрілдеген дауыстан құлақ тұнды. Екі көзім халықтар әкесінде. Әр тұстан саңқылдаған дауыс шыққан сайын көрер көзге зорая түскендей болып, оң қолын иығынан асыра көтеріп, айдан түскен ақ әулиедей жанағын кең ашып тұра берді. Бейне, атын атаған сайын аруақтанып аспандап бара жатқандай!

Осы көріп тұрғаным өңім бе, түсім бе деймін іштей.

Түсім болса – жанымдағы сапырылышқан, дуылдасқан халықты көріп: «О, тоба!» – деймін бе. Өңім болса – әулиедей халықтар әкесі неғып үндемейді... оң қолын басынан асыра ұстаған шалғыға ұқсатып тұра бере ме өстіп. Аптап күн шыжғырған үстінен шыжғыра түседі. Жанындағы ақ кительді, көзіллірікті Берия болар, бәлкім Хрущев, бәлкім Каганович, қолдарын сарт-сұрт соғып еш басылып болмайды ғой!

Бір мезетте көсем көтеріп тұрған қолын сылқ түсірді.

Жұрт құлаққа ұрған танадай тынышталды. Басынан кепкасын алды. Оң қалтасынан орамалын суырып маңдайын, самайын сұртінді. Қасымдағы грузин бе, әлде осетин бе, мұртты кісі талып жығылды. Әлдененің шалығы тиді, әлде тосын өсер пакырды мұрттай ұшырды. Сыптығырдай екі солдат жетіп кеп әлгіні көтеріп ала жөнелді. Халықтар әкесі қағазға қарамай қою үнмен орысша сөйледі. Сөзінің бірін түсінсем, бірін түсінбеймін. Кейінше тілмәш жігіттен сұраймын, газет бетінен ежелеп оқимын. Санама сіңгені төмендегіше болды.

«Тылдың ержүрек тарландары! Тылдағы майдан оқ бораған алдыңғы шептен ешбір кемдігі болмады. Тылы мықты елдің жауынгері мықты, пәшестерді көріне апарып тықтық. Бізге бұл күнде қарсы беттеп келетін ешбір дүшпан жоқ. Тылдағы большевик еңбекшілерге ризамын, аузындағысын жырып майданға жіберді, солар ішсін, солар жесін деп солдатына жөнелтіп жатты. Қаншама өтеуі жоқ заемға жазылды, тапқанын қалтаға түйіп, «ұшақ, танк» жасауға деп өскери комиссариатқа өткізді. Мұндай ерлікті әлі еш ел жасаған жоқ. «Қолбасшының көреңдігі», «жарағымыз сойқан еді», «оқ теспейтін бронға айналдық» деген марапат сөздер айтуға ғана жеңіл. Шындығы сол, халқымыз жұмылған жұдырыққа айналды, ішкі серіппесі қатайды. Ішкі серіппені тегеурінді берік еткен – патриоттық рух еді». «Ура, жолдастар!» деген кезде – манағы манағы ма, сығылысып иін тіресіп тұрған жұрт дауыл күнгі теңізге айналды. Біреуінің көзінен сорасы ақты, келесінің айқайласп ұран айтқаннан даусы қарлықты.

Сізге өтірік, өзіме шын, дейді Жәмила анамыз пәске кідіріп, аздал толқыған сыңай танытып, әуелгіде ойлағам: жазып алған қағазын судыратып оқып шығар деп. Жүректен шықпаған сөз жүрекке жетпейді. Ешқандай қағазға қарамай, бөтен нәрсеге назар жықпай, нақа қабырғаға көр шеге қаққандай әр сөзіне ерекше дәм беріп шегелеп айтып шықты. Ерекше қайран қалғаным: әлгідегі «большевик жолдастар» деген өшейінде сүріне жығылатын сүреңсіз сөз халықтар әкесінің аузынан шыққан кезде ерекше ырғақ, саз, мәнге ие бол, құлаққа майдай сіңгені. Шешендік – еш мұдірмей сейлеп шығу емес, ауыздан шыққан сөздің реңін ашып, нәшін келтіру екеніне сонда көзім жетті.

Жанымдағы кісілердің бірі жылап, бірі «Сталин, Сталин» деуден даусы қарлығып, типиғы жетіп, сөкі үстіндегі көсемнің

алмас жанары осылай бір қарап шыққанда, өртке шалынған қамыстай лап кетуі – маңайдағы жұрттың пейіліне, зердесіне әсер етті. Аруағы асып төгілді.

Алдымызда иықтасып тұрған қызыл кепкалы милиционер балалар болмағанда бар ғой мына халық күн көсемнің көзіне түсемін, нұрына шомыламын, қолынан ұстаймын, маңайласып тәу етіп қаламын, назарына ілігемін, деп бірін-бірі тапап, жаншып өлетін – алға ұмтылатын түрі бар. Есі шығып, жанары алақтап, ойы орнықпай тұрған алпауыттарды көріп қайран қалып жағамды ұстайын. Қазақ даласының қыыр түкпірінен қоржынымды иыққа асып жеткен қарапайым қазақ әйелімін, сауышымын, алдында ғана «Тылдағы ерен еңбегі үшін» деген медаль алғам. Менде тұрған не бар. Көргенімді айтып куәлік беремін-дағы!

Кейінше, елге оралғанда «апа, арманыңыз жоқ, тірі Сталинді көрдіңіз, сізден тәу етіп, тәбәрік алуға келдік», – деушілер көбейді. Мына өмірден жолы болмаған, пұшайман халдегі мұскін мұсәпірлер, я аспандаған алпауыт өкімет балалар қарамады көргеннен бұрылыш келіп, қолымды алып сөлем беріп жатады. Тілдескісі келеді. Сұрайтыны: Сталинді қалай көрдіңіз?

Шырағым-ау, халықтар көсемін Мәскеудегі жойқын өстеп-кеге барған кезде бір сағаттай сыртынан бағып, аз-кем сөзін тыңдадым, өз ортасынан денгейі биік, басына бағы айналған көсем кісі-ау деймін. Халық – бала, халық – дана. Сол дананың пиғылын танып, шәлдуар баланың айтқанын істеу бір кісіге аз жүк болып па. Кітаптағы суретін күнде көріп жүрсіңдер ғой. Сол суреттегіден егіз тамшыдай айнымайды десем құпірлік болар. Екі иығынан зіл батпан ауыр жүк басып тұрғандай – тұрқы шағын, еңсесі жаншыла езілген, көзқарасы солғын кісінің аруағын көтеріп аспандатып жіберген қасындағы серіктері ме деп қалдым. Бір-бірінен айнымайтын аппақ қардай кителі, ақ шалбарлы, сірескеннен сіресіп сықып тұрысы – осы жүртқа жол көрсетіп, ақылды сөз айтуға әдейі арнап айдан аяғы салбырап түскен пайғамбарлар секілді. Періште ме деп қаласың. Кәдуілгі жұмыр басты, екі аяқты пенде қалпынан құдіретті, қасиетті пайғамбар рөліне көтерген мына халықтың қалтқысыз сүйіспендігі, риясыз сенімі, «ah» ұрып бас июі ме әлде! Денемді дуду қыздырған әлдебір тосын әсерден айыға алмай тұрғанда халықтар әкесі сөзін бітірді, кәдуілгі пендеге ұқсанап қалтасынан орамалын алып, кепкасының күнқағарын сұртті, қою мұртын

бармағымен басып тұрып жанындағы сидиған орақ тұмсық, мұртты серігіне оқыс бұрылыш:

– Қалай ойлайсыз, Анастас Иванович, осыным дұрыс па? – деді.

Орақ тұмсық өзге нәрсені ойлап тұрыпты, аяқ астынан са-сып қалды, апалақтаған күйі:

– Ләббай тақсыр? Сөз бар ма оған! Сіз ешқашан туралықтан айнып көрген жоқсыз!

– Тура сөйлеймін деп туғаныма жақпағанмын. Өзімшілдік, өркөкірек, өктемсу мінезінен арылып еңбекші бұқараға бір қадам жақындей түссек қана ісіміз оңады. Солай емес пе, Анастас Иванович!

– Әлбетте, дұрыс айтасыз, Иосиф Виссарионович!

Сұзының қаттысы-ай!

Серіктері манағы сірескен қалпынан лезде арылып, жыланға арбалған торғайдай, қозғалақтап, сендей соғылысып, қипалақтап қалды. «Ләббай, тақсыр» десіп жатқаны әмбеге аян. Пыр-пырлап ұшқан томашадай торғай бол, қауырсыны ұша қалбақтағаны. Жұрт антарылған күйі. Күн жон арқадан шақырайып шыжғыра түседі, сүмек бол терлеген не сөн. Лауазымды серігі: «Соғысқа жанын берсе де рухын бермеген, жаңа бесжылдықты қарқынды бастаған сүлейлер мен сойқандар бас қосқан айтулы өстепкенің ашылу лентасын халықтар әкесі Сталин жолдас қияды!» – деп көсемді алға шығарды. Алақанын сатырлата соғып жіберді, жұрт іліп әкетті. Үлбіреген қыз иіле түсіп жастық үстіндегі қайшыны ұсынды. Сталин жолдас биік сәкіден ырғала басып, жайлап түсіп, бірер аттап, қайшыны лып қолына алып, көлденең тартылған лентаны қиғаны сол.

«Жасасын Сталин жолдас!.. Жасасын жасампаз Ленин!..» деп жиналған жұрт дур ете тұсті. Тұла бойымнан төмен қарай жылжып шоқ өткендей сезілді. Не кереметінің барын білмеймін, ортадан кішілеу, пәкене, жүзі солғын, әйтсе де жана-рында жасыны бар көсем кісі осылай бір қарағанда жұрт үстінен толқын жүріп өткендей сезіледі. Қарадай есендіреп есі шыққан, тосын әсерден оғаш мінез танытқан момындар сендей сиғылысып көсем кісіге кимеледі. Қызыл жағалылар бір-бірінің қолынан мықтап ұстап кесе-көлденендең, таставандап ілгері аяқ бастырмайды.

Алып елді алақанында ұстаған, диірмен тасындаі дүниені дәңгелеткен жарықтық жымиған үстіне жымысып әрәдік жайлап мұртын сылап қояды. Тап суреттегідей. Құлімсірегені ке-

ремет, шуақты. Қасындағы серігі көнілі босап кемсендеп орамалын алыш, көзін сүртіп жатыр. Шуақты күлкісіне сары майдай еріп бой-басы босағаны қашшама. О, Құдайдың құдіреті! Мұншама нұры жүрекке жететін жылы жымысты көргені осы! Кейінгі патшалардың уағында жарықтықтың сонына сез ілестіріп, әрі итеріп, бері жығып дегендей, айтпаған сөзі қалмай «тас жүрек қатыгез!», «миллиондаған адамның қаны мойнында!», «жеке адамға табынудың тұғыры!» деп, «момындардың арасынан халық жауын мыңдал, миллиондан атқызып үлгерді» деп...

«Кеңестер Одағын қойшы, ол жұмсаған үндеместер дүниенің төрт бұрышын қан жоса етті!..» деп жазып жатты, «төрткүл дүниедегі тирандардың тираны» – деді. Ал, мынадай майда жүрісті, шуақты жымысты, нұрлы кісіні ондай жаманшылыққа, жамандауға ешқашан қимаймын. Сенгім келмейді. Сене алмаймын. Тиран, жауыз, жәһіл адамның көзі шоқтай қызырып, аспандап алақ-жұлақ етіп тұрмаушы ма еді... Құдай-ау, мына кісінің құдіреті қай жерінде? Сол өстепкіде, Мөскеудің ой-шұқырын аралаған кезде, кейінше, апта өте көгілдір поезден ұзақ селкілдеп елге қайтқан кезде, елге оралыш келгесін де... ойлап-ойлап... көз алдыма суретін сан өткеріп:

«Жоқ, мына кісінің жәһіл жауыздығы, қатыгез қаталдығы, пышақпен осып жіберсең – қан шықпайтын қаныпезерлігі өзінің бойында емес, басқа жақтан, жаратқан иенің пәрменімен жеткен әлде бүйрық, әлде әмір, әлде нұсқау. Жердегі көп күнәлі пенделерін тәубасына келтіріп, құдайына қаратып алу үшін құданың құдіреті әміршінің адам ойына келмеген жарлығына айналып, құлдық үрғызып құдалайтын көрінеді ғой. Сол бір қан қызыл қырғын зұлматқа Сталиннің еш жазығы жок деп ойлаймын. Ол жоғарының жарлығын орындаушы ғана. Ол жарлықтың аты:

«Жазаландар!»

Жоғарыдағы жаратқан ие неге олай деп жарлық берді, менің миым еш жетпейді, келешекте, кейінгі үрпаққа ғұлама дегдар кісілер, зерттеушілер, ғалымдар көп шұқынып шешіп бере жатар, айта жатар. Әлгідей күн шуақты, мұләйім мұртты кіси жәһіл жауыз тиран болуы мүмкін емес».